

ӘӨЖ 17

ШӘКӘРІМ СЫНАҒАН «НОҚТАЛЫ ОЙ»

Тугелбай Айбек Әбдіғалиұлы

fs-11-17@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың Философия мамандығының студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - А. Ө.Тұрсынбаева

*Шатақ дінге, әдетке, не білгішке,
Ноқталатпай ойымды қылам азат.
Шәкәрім Құдайбердіұлы.*

Азат ой, қазіргі заманда кең насихатталуда, адамзаттың басты проблемасының бірі саналады. Әрине көпшілік қауымда сұрақ туындайды қалай азат ойлы болам? Осы сұрақ төнірегінде Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдеріне философиялық талдау жасап, азат ой мен нұқта сөзінің мағынасын ашу. Ең алдымен нұқта сөзі қандай мағынада қолданатынын көрейік.

Нұқта – ер-тұрман әбзелі. Сағалдырық, мұрындық, төбелік арқылы мал басын ырыққа көндіру үшін қолданылады.[1]

Малды ырықрыққа көндіруге көмек беретін құрал екенің көрдік, ал адам мен нұқталатудың қандай байланысы бар? Және шатақ дін, әдет, білгіш қалай нұқталайды?

Ақылдың көзін байлама,

Білгіш деп басшы сайлама.
Оқуым, дінім, наным деп,
Әдетке қарай айдама,
Ақылға сынап әр істі.[2, 321 б.].

Білгіш, оқуын, дінің, нанымынан шығатын ойлардың бәрі – әдет. Сол үшін не болса да ақылды қолданбай шешім шығару ақиқаттан аластатады, қандай нәрсе болмасын ақылға сынап керек. Әдетке қатысты сөздің астарында Атағы шыққан жақсы мен білгіш деген екі ұғымда көзді байлау деп түсіндіреді. Білгіш, атағы шыққан жақсы кім деген сұрақ туындайды. Шәкәрімнің философиялық дүниетанымындағы кезкелген саланың, тұлғалық дәрежедегі және белгілі бір жетістік пен атақ-абыройға ие болған, сонымен қатар өмірлік таным тәжірибесін насихаттаушы адамды білгіш деп атайды. Шәкәрім осы білгіштерден сақтануды ескертеді. Кезкелген қоғамында халықты ақпараттандыратын адамдар болады, солар арқылы қандай мәселе болмасын соларға жүгініп тұрады. Ол саяси болсын, өмір сүру мәселесі болсын халық сол кісілерді тындап ойлауын, түсініктерінде қабылдайды. Мысалы бұрындары би-шешендер мен әулие-даналар өмір сүрген заманда, қандайда бір мәселе болмасын халық солардан шешімін сұрап, әрі соны істеген. Тарихтан белгілі қоғамда тұрақсыздық орын алған кезде, халық арасынан көсемдер шыққан, халық соған сеніп рас өтірігін толық тексермей, имандай ұйыған. Тіпті бұл үрдіс қазіргі қоғамымызда бар оларды блогер дейді, ақпаратты ғана таратпайды сонымен қатар өзіндік анализін пікірін білдіріп жатады. Енді білгіштерді неге сынаған деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Шәкәрімнің «мақтау мен күндеу» деген өлеңі қарайық сонда толық ашылады. Жеке-жеке пайдасы мен зиянының қалай болады, немесе қалай ажыратса дұрысырақ екені айтады:

Көп сөз айтқан бұрынғы білімділер,
Пайдалансын, ұқсын деп кейінгілер.
Сынға салып талғамай талапты жас,
Соның бәрін қатесіз жөн деп білер.
Олай емес, ойласаң, талай мін бар,
Бұрын шын, қаталы шын, анық шын бар.
У берді ме сусын деп, су берді ме,
«Көзің жұм да жұта бер» деген кім бар?
Кім айтса да сынамай қойма, жаным,
Ақылыңа сынатып ойла, жаным.
Пәленшеккем айтқан сөз дұрыс қой деп,
Жүректің таразысын жойма, жаным.

Көріп отырғанымыздай Шәкәрім адамзаттың негізгі проблемасын ашып берді, кәзір қоғамымызда жоғарыда келтіргендей сынның ойлау жоқ. Барлық мәселенің бәрі осы ақылға сынатпағаннан туындайды, Абай атамызда – ақыл мизан(аразы) өлшеу қыл.[3, 71 б.], деп айтып еді. Міне осыдан-ақ білімді деп кез-келген сөзін ақыл таразысынан өткізбей қабылдай берсек онда адамға ақыл не үшін берілді деген сұрақ туындамай ма? Шәкәрім өлеңдерінде Пайғамбар мен әулиенің неге, ақыл қабыл алмаса маған жат деген сөз. Жат болуының себептері көп әрине, сол климатық, тарихи кезеңдік факторларға байланысты үкімбар екені мәлім. Мысалға Сібірде 4 рәкат намаз оқиды, үйткені күн ерте батып сол себепті уақыт дұрыс шықпайды. Пайғамбарымыз әр заманның өз пәтуәсі бар деп еді. Шәкәрімнің пікірінің сүйенетін тұсында, дәлеліде осы болатын. Қазір қоғам проблемасы, адамдар өздері емес көбінесе танымал адамды немесе атақты блогерлерді тындап солардың айтқан ақылдарын ойланбастан дұрыс деп, айтқандарын істеп сол кісілерге тәуелді болып жатқандарды білеміз. Тіпті соларсыз шешім қабылдамайтындай болды. Құдайындай көріп қарсы пікір айтқызбай шанда жұққызбайды. ХХІ ғасырда бұндай дертін болуы адамзаттың әлі ғасырлар бойы қалыптасқан масылдық(құлдық) сана әдетінің шығалмай отырғаны. Шәкәрім бұл үрдіске ең бірінші адамның өзі кінәлі деп есептейді оны төменде көрсеткен өлеңінде осылай келтіреді.

Бұғанда еріп көп жаздым түшіркеніп,
Білімділер сөзі деп ентеленіп.

Өмір емес, алдаған өзінді-өзің,

Пәленшекем айтты деп қалма сеніп.[2, 92 б.].

Әдет, шатақ-дін бәрі негізінен осы адамның біреуді білгіш деп өз ойын тыйуынан туындайды, бұл ақиқатты тануға жетелемейді, керісінше адастыруыда мүмкін. Сол үшін де айтқанға емес шыңға нан деп, әрі ойланбай шешім шығаруды таза ақылдың ісі емес дейді.

Әлімбе мейлі, надан ба?

Айтқанға нанба шыңға нан.

Жетектеп ойды әманда,

Ойланбай салма жарысты.[2, 321б.].

Заман дамыған сайын ақпаратта көбейіп бар жатыр. ХХІ ғ. ақпараттық заман, қоғамда жалған ақпарат тасушыларда көбейген ол мейлі саяси немесе танымдық болсын бәрі-бір халықты ойыншыққа айналдырған. Шәкәрім социализмның идеологиясы таралабастаған сәтте өмір сүрген, сол жылдары ақтар, қызылдар деп бөлініп халықты шатастырып сенімсіздік ұялатқанын біліміз және өз жеріміз де алаш, үш жүз, түркістан т.б партиялар бір-бірін құрту үшін, бәлкім шынменде адал ниетпен түрлі ақпараттар таратып халықтың есін шығарып жалған мәліметтер берген. Сол жылдары ма, әлде содан кейін жаздыма халыққа дәлелсіз сөзді алмандар, яғни ақылмен ойланып шешейік, әйпесе бос жетекпен, біреудің қиқаңынын шоқпарына айналып кетеміз дегенің өлеңдерінен байқауға болады мысалы төмендегі жолдарды қарайық:

Ақылдан адас қалмаймым,

Дәлелсіз сөзді алмаймын.

Бос жетекке бармайым,

Көтермеймін қиқаңын.[2, 332 б.].

Академик Ғарифолла Есім «Данышпан Шәкәрім» еңбегінде ноқталы ақылға мынанай анықтама береді: Шәкәрім “Ноқтасыз оймен тексердім” — дейді. Мұнда бізді қызықтырып отырған “Ноқталы ой” деген түсінік. Ақын “ноқтасыз ой” деген соң, бізге “ноқталы ой” деген не деген түсінік келеді.

Ноқталы ой — ол большевиктердің ойлау тәсілі. Ол қалыпты, шектеулі ойлау. Онда Маркс, Ленин айтқандарынан асып түспеу керек. Бір ізбен, бір соқпақпен жүру бірыңғай, яғни ноқталы ойды қалыптастырады. Ноқтасыз ой біздің кейінгі кезде жамырасып, шуылдасқан “жариялылық”, “плюрализм” деген мазмұндағы сөз. [4, 259 б.].

Академик атамыз дұрыс айтып отыр күні кеше кеңес заманынан шыққан көптеген адамдардан еститінбіз. Сталин, Ленин, Марксты ғана оқып соларды құдайдай көретін едік дейтін. Ешқандай пікір оларға қарсы болмауы керек, солар салған жолмен жүріп, барлық затқа сол философиямен баға берген. Ноқталанған ақыл өз еркімен емес, сол ноқта салған білгіш, әдет, идеология т.б. басқаруында болады екен. Бірақ малға адам өзі ноқтасалып еркіне көндірсе, адам өзі бір білгішке барып ноқталанады. Білгішке ақылды ноқталауды, жаңа заман өкілі ағылшын философы Френсис Бэконның идолдар жайлы деген мысалына жақын келеді. Театр идолдары туа пайда болмайды және ақылға құпия түрде енбейді, керісінше, ойдан құрастырылған теориялар және дәлелдеудің бұрмаланған заңдарынан ашық беріледі және ашық түрде қабылданады. Бірақта оларды үзілді-кесілді жоққа шығаруға ұмтылу біздің айтқанымызға сәйкес келмес еді. Егер біз негізге қатыстымен де, дәлелге қатысымен де келіспейтін болсақ, онда жақсыға деген ешқандай дәлел мүмкін болмайды. Көнелердің мәртебесіне нұқсан келмейді, олардан ештеңе алып тасталынбайды, себебі мәселе тек жолға ғана қатысты. Жолмен жүріп келе жатқан ақсақ жолсызбен жүгіріп келе жатқанды басып озады дегендей. Демек, яғни жолсызбен тез жүгіруші адам қанша епті болса, оның адасуы соншалықты екені айдан анық.[5, 64-65б.]

Шәкәрім ноқталы ойды қаты сынаға алғаны сонша басында көрсеткендей пайғамбар, әулие болсын, тіпті өзінің ағасы, ұстазы Абайды да ақылдан өткізіп барып ғана қабылдау керек деген ұстанымын ашық айтады. Себебі белгілі пенде қателеспеуі мүмкін емес.

Абай түгіл, ақылды көп жан өткен,

Түпсіз терең ғылымға көзі жеткен.

Солардың да бар сөзі бір жерде емес,
Кейі жөн, кейі қате айтып кеткен.
Алдыңғының соқпағын артқы түзер,
Ғылым деген нәрсе емес күдер үзер.
Мінін алып, міндіге мінсіз қосып,
Бұрынғыны жаңартып, жастар түзер.[2, 97 б.].

Шәкәрімнің басты мақсаты ескінің бәрін терістеу емес тек қателеспейтін пенде болмайды, қандай адам болмасын ойланып ақыл таразысынан өткізу керегін ескертеді. Және сол қатені түзету жастарға міндет дейді. Шәкәрімнің өзінде әлін келсе менен қаш, иен мінсіз дегенді алдыңғы орынға қойған. Сол үшінде білгіш болсын, пайғамбар, әулие болсын ақылды нокталауға болмайтының, әрі сондай адамды айуан деп сын тағады.

Ноқтадан басын ала алмас,
Жетекшіл айуан сол болар,
Ақылға аңық жүгінбес.[2, 326 б.].

Ноқталатпай ойды қылам азат деуіде содан. Ноқтылы ақыл-ой ол Шәкәрімше айтсақ хайуаннан ешбір айырмашылы жоқ, себебі ақылын қолданбаған адам инстингті түрде өмір сүреді ол дегеніміз айналып келіп нәпсінің құлы болуға дейін апарады. Қорытынды ноқталы адам ешқашан ақиқатты көрәлмайды, және жеке пікірі жоқ адам қандай жағдай болмасын ноқта салған адам арқылы немесе әдеті мен ғана пікір білдіретін адамды, яғни сыный ойламай, ақылмен қабылдамаған адамды жоғарыда талдағандай Шәкәрімнің «ноқталатпай ойымды қылам азат» дегені осыдан шығады.

Қолданылған әдебиет тізімі

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9D%D0%B5%D0%B9%D1%80%D0%BE%D0%BC%D0%B0%D1%80%D0%BA%D0%B5%D1%82%D0%B8%D0%BD%D0%B3>
2. Шаһкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының бір томдық жинағы. Жол табалық ақылмен. - А. : Халықаралық Абай клубы, 2006. – 734 бет.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. А 13 Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. – 1995 – 336 бет.
4. Есім Ғарифола Е87 ҒҰЛАМА–НАМЕ. Ғылыми трилогия. –Нұр-Сұлтан: «Хас-сақ, - 2016» ЖШС баспасы, 2019. -640 бет.
5. Әлемдік философиялық мұра: Жирма томдық. 6-том. “Жаңа дәуір философиясы” – Алматы: Жазушы, 2006. – 512 бет.